

# 34

МЕЖДУНАРОДНАЯ  
ВЫСТАВКА МОДЫ  
INTERNATIONAL  
FASHION EXHIBITION

**CAF**  
CENTRAL ASIA FASHION



**ELITELINE**<sup>5</sup> INTERNATIONAL  
EXHIBITION

supported by  
**euro shoes**  
premiere collection

SHOES, FUR,  
LEATHER AND  
ACCESSORIES  
[www.eliteline.kz](http://www.eliteline.kz)

# 18-20

августа  
august

# 2024

## AUTUMN-2024

Official organizer  
Официальный организатор  
**caTExpo**  
[www.fashionexpo.kz](http://www.fashionexpo.kz)

**2024 жылғы 18-20 тамызда Алматы қаласында Орталық Азияның сән әлеміндегі ең ірі оқиғалар өтеді. «Atakent» көрмесінде Central Asia Fashion Autumn-2024 34-ші халықаралық сән көрмесі және**

**Eliteline аяқ киім, теріден жасалған киімдер, былғары бұйымдар мен аксессуарлардың 5-ші халықаралық көрмесі өтеді.**

16 елден 220-дан астам қатысушы компания Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан және Тәжікстаннан келетін байерлерге киім, аяқ киім және аксессуарлардың жаңа топтамаларын ұсынады.



Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесінің қатысушылары

Кезекті күзгі маусым «Atakent» көрмесінің 10 және 11 павильондарында өтеді. Дәстүр бойынша іс-шара fashion-retail өкілдері үшін ұйымдастырылады және B2B форматында офлайн режимінде өтеді. Көрмеге қатысу алдын ала тіркелу арқылы тек сала мамандары: байерлер, креативті сала мамандары, бизнес өкілдері, БАҚ және блогерлер үшін ашық. Central Asia Fashion көрмесі қатысушы-компанияларға да, байерлерге де тиімді болатын киім, аяқ киім және аксессуарларды тікелей көтерме сату процесі арқылы ынтымақтастықты құруға арналған.

### **Ондаған ел, жүздеген компаниялар**

Central Asia Fashion көрмесінің негізгі бөлімдерінде сән өнімдерінің 40-қа жуық тобы бар. Қатысуға өтінім берген елдердің қатарында: Түркия, Қазақстан, Ресей, Италия, Қытай, Өзбекстан, Германия, Польша, БАӘ, Франция, Моңғолия. Ең жақсы бағамен әйелдер, ерлер, балалар киімдері, кешке арналған сән көйлектері, ішкі киімдер, plus size өлшемдегі киімдердің кең таңдауы байерлерді қуантатыны сөзсіз. Тек күзгі маусымда

Eliteline аяқ киім, үлбір, былғары және аксессуарлардың халықаралық көрмесі өтетіндіктен, бұл олардың аяқ киім мен үлбір бұйымдарын тиімді сатып алуға тамаша мүмкіндігі болатынын білдіреді. Eliteline көрмесі Euro Shoes Alliance & Eliteline & Central Asia Fashion аясында өтеді. Euro Shoes қолдауымен көрмеге әртүрлі елдерден 30-дан астам аяқ киім компаниялары қатысады деп жоспарланып отыр. Ірі компаниялар: KSIAD Түрік тері өнеркәсібі және кәсіпкерлер қауымдастығы және НКРС Гонконг өнімділік кеңесінің қолдауымен HONG KONG FUR FEDERATION ресми қатысуын растау күтілуде.



Eliteline киім, аяқ киім және аксессуарлар көрмесі аяқ киім мен тері бұйымдарының үздік өндірушілерін біріктіреді

Гонконгтан келетін 17 тері компаниясы теріден жасалған киімдер, былғары бұйымдардың соңғы топтамаларын ұсынады. Jeans – БАӘ-ден Таяу Шығыс пен Оңтүстік Азия нарығындағы ең ірі джинсы киім өндірушілерінің бірі CAF-қа қатысу арқылы экспорттық аймағын кеңейтпекші. NIKOLA HATS поляк бас киім компаниясы барлық жас топтарына арналған бас киімдердің жаңа топтамасын ұсынады. Атақты француздық LA FEE MARABOUTEE бренді өзінің аса тартымды сәнді топтамаларын көрсету мақсатында Орталық Азиядағы ең ірі сән көрмесін таңдады. Атақты моңғол кашемир компаниясы DELICASHMERE де дәл осындай шешімді қабылдады.



CAF тек сән индустриясының мамандарына арналған B2B форматында өтеді

### **Central Asia Fashion сән көрмесімен шектелмейді**

18 жыл ішінде Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесі өзінің «тек сән көрмесі ғана емес» тұжырымдамасын дәлелдеді және жыл сайын келушілерді әртүрлі белсенді іс-шараларымен таң қалдыруды

жалғастырады. Сән көрмесінің ашылу салтанатында Түркия консулы, ITKIB, KSIAD, Euro Shoes қауымдастықтарының өкілдері, бизнес-конференция спикерлері сөз сөйлейді.



Қатысушы компаниялар өз топтамаларын трансформер-подиумда көрсетеді

Үш күн бойы CAF аясында іскерлік және нетворкинг аймақтар, шоурумдар жұмыс істейді, шоу-бағдарламалар, брендтерді таныстыру және кәсіби модельдердің қатысуымен сән көрсетілімдері өтеді. Central Asia Fashion Autumn 2024 көрмесінде қатысушы компаниялардың сән үлгілері көрсетіледі. Көрмеге келушілер киім, аяқ киім және теріден жасалған бұйымдардың жаңа топтамаларын көреді. Сондай-ақ қазақстандық киім дизайнерлерінің топтамалары көрсетіледі.

### **Бизнес-бағдарлама Қазақстанның іскерлік fashion индустриясының флагманы болып табылады**

Көрменің маңызды элементтерінің бірі - бизнес-бағдарлама күзгі маусымда керемет шаралардың көптігімен және әртүрлілігімен ерекшеленеді. Салалық зерттеулер, трендтік болжамдар, ритейл-талдау, панельдік пікірталастар, семинарлар, мастер-класс сабақтары, білім беру тренингтері, автограф сессиясы, бос орындар жәрмеңкесі, кеңес беру орталығы, білім беру мектептері және т.б. шаралар келушілер үшін әрқашан үлкен кәсіби қызығушылық тудырады. Ұйымдастырушылар оларды кезекті тың жаңалықтарымен, жарқын және өзекті форматтарымен және кәсіби ақпаратты ұсыну тереңдігімен қуантады.

*«Central Asia Fashion бизнес-бағдарламасы құрылған күннен бастап, яғни 12 жылдан астам уақыт қатарынан еліміздің бизнес-сән индустриясының өзіндік ерекше флагманы ретінде белсенді түрде жұмыс жасауда», -* дейді бас продюсер және бизнес-бағдарлама жетекшісі Милена Ершова. *«Осы кезеңде бейінді салалық бизнес-конференциядан көптеген элементтері мен белсенді шаралары бар барлық Орта Азия аймағы үшін маңызды іскерлік кездесу алаңына айналды. Мәселен, Autumn 2024 күзгі маусымында бизнес-бағдарлама түбегейлі өзгерістер мен эволюцияның жаңа бағыты кезеңінде алға қарай тағы да бір қадам жасайды. Алғаш рет «Ұлттық ДНҚ код ерешеліктері» деп аталатын бірнеше бөлімнен тұратын жалғасы бар сериалға ұқсас әзірленген үлкен зерттеу жобасы ұсынылады. Біз бүгінде инвесторлар, бизнесмендер, кәсіпкерлер және мемлекеттік сектордың өкілдері арасында мұндай ақпарат үлкен сұраныс бар екеніне сенімдіміз».*

*«Орталық Азияның беделі және негізгі бенчмарктері» тақырыбындағы арнайы панельдік пікірталас, сондай-ақ Өзбекстаннан, Ресей және Нидерландыдан шақырылған спикерлердің сөйлеген сөздері тақырыптың логикалық жалғасы болмақ. Бұдан басқа, сән индустриясы мамандарының - сатушы мектебі, байер, интернет-маркетинг және шағын MBA біліктілігін арттыруға арналған ритейл-талдаудың, тренд болжамдары және білім беру бағдарламаларының бірнеше сессиялары жарияланды. Осы маусымда біздің көптеген келушілеріміз жақсы көретін «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі мен «Кеңес беру орталығы» жобалары жұмысын жалғастыратынын атап өткім келеді. Сала мамандары тегін кеңес алумен шектелмейді, сондай-ақ басқару дағдыларын жетілдіре алады».*

## CAF бизнес-конференциясы

Fashion ритейл саласындағы осы мамандандырылған бейінді іскерлік іс-шараның Орта Азияда баламасы жоқ. Келушілерге ағымдағы маркетингтік зерттеулердің нәтижелерін алғашқылардың бірі болып білуге, қызықты тақырыптарды талқылаудың күәсі болуға және fashion бизнесі басшылары мен билік өкілдеріне тікелей сұрақтар қоюға мүмкіндік беріледі.

Бизнес-конференцияның жаңа маусымында көрменің үш күнінде де Қазақстан, Ресей, Өзбекстан және Нидерландыдан келген 13 беделді спикер сөз сөйлейтін 24 сессия өтеді. Олардың қатарында алғаш рет брендинг, нейминг, фандрайзинг, мерчандайзинг, архетиптер бойынша шетелдік сарапшылар, Өзбекстаннан келген талдаушы-зерттеуші, сондай-ақ ресейлік жетекші сарапшы - сән нарығындағы сатылым бойынша кітаптар мен сценарийлердің авторы бар. Бизнес-конференцияның негізгі тақырыптарының қатарында сән санатындағы бөлшек сауда трендтері, Өзбекстан нарығына шығу бойынша ұсынымдар, бизнестегі хайптық әлемдік трендтерді талдау, Жаңа Қазақстанның ұлттық сервисі мен фидбек ерекшеліктері, бөлшек саудаға арналған цифрлық және e-commerce инновациялары, әлеуметтік желілерде сән брендтерін жылжыту



Central Asia Fashion бизнес-конференциясының Орталық Азияда баламасы жоқ

ерекшеліктері, қоғам мен бизнеске әсер ететін трендтер, ритейл мен сән бизнесіндегі ребрендинг және т.б. тақырыптар.

Бұдан басқа, CAF бизнес-конференциясының жаңа күзгі маусымында жаңа сәнді және еліктіретін форматы – «Прожарка бизнеса» жобасы ұсынылады. Жаңа эксперименттік бизнес-сессия - сарапшының тыңдаушылармен өзара іс-қимылының ерекше түрі, оның аясында қазақстандық бизнестің нақты кейстары талданатын болады. Тыңдаушылар бизнестің әлсіз және күшті жақтарын анықтауға және өсу мен даму үшін қажетті жұмыс құралдарын жергілікті жерден алуға мүмкіндік беретін нақты бизнес талдаулармен таныса алады.

Central Asia Fashion Autumn-2024 және Eliteline-2024-ке қатысу шарттары, бизнес-конференция бағдарламасы және келушілерге арналған ақпарат [www.fashionexpo.kz](http://www.fashionexpo.kz) ресми сайтында, сондай-ақ @centralasiafashion әлеуметтік желілерінде қолжетімді.